



XҒТАР 19.41.09

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-154-1-149-162>

Әйелдерге қатысты манипуляцияның жариялылығы мәселелері

К.Қ. Қабылғазина*¹, Г.У. Дускеева², А.О. Еркімбек³

*^{1,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail *¹kabylgazina.klara@mail.ru, ²omarkhankyzy@mail.ru, ³akerke.erkimbek@mail.ru)

Аңдатпа. Әйелдерге жасалатын манипуляция – гендерлік теңсіздік пен стереотиптер нәтижесінде туындайтын күрделі әлеуметтік және психологиялық құбылыс. Бұл мақалада әйелдерге жасалатын манипуляция түрлері мен оның жариялылығы мәселелері талданды. Арнайы жүргізілген зерттеу жұмысы арқылы әйелдердің өміріндегі ең жиі орын алатын қысым көрсету түрлері мен одан кейінгі әрекеті, оған қатысты көзқарас, қоршаған ортасындағы осы құбылыстың құрбаны болған әйелдер жайлы ақпарат анықталды. Қазіргі БАҚ-тағы осы мәселенің жариялануы мен ашық айтылуы нақты мысалдармен дәлелденді. Арнайы зерттеудің мақсаты – әйелдерге жасалатын манипуляцияның медиада ашық жариялануына жол ашу, қысылмай баяндауға түрткі болу, құрбан болудан құтқаратын тәсілдерді жан-жақты деректі ақпараттармен түсіндіру. Әйелдерге қатысты манипуляция мәселесін талдау және оны еңсеру жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеу. Зерттеудің қорытынды тұжырымы арқылы мәжбүрлеуге тап болған әйелдердің оқиғаны ашық жариялауға қорқып, әрекетсіз қалатындығы анықталды. Күшпен манипуляция жасап, зорлық-зомбылыққа әкелген жағдайлар да, өтірік мақтаумен жасалатын манипуляциялар да жиі кездеседі. Мақалада мұндай деректер де ашық талданды. Әйелдердің құқықтары мен қауіпсіздігі қоғамның әлеуметтік дамуының маңызды бағыты болып табылады.

Түйін сөздер: манипуляция, әйел құқығы, гендерлік теңсіздік, БАҚ, жариялылық мәселелері.

Кіріспе

Манипуляция – бұл адамдардың ойлауын, сезімін және мінез-құлқын өзгертуге бағытталған әсер ету тәсілі. Ол ашық немесе жасырын болуы мүмкін. Мәжбүрлеудің негізгі мақсаты – манипулятордың өз қалауын орындату, ал құрбанның саналы түрде шешім қабылдауына кедергі келтіру. Оның түрлі формалары бар, бірақ олардың

Түсті: 10.12.2025; Мақұлданды: 2.03.2025; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

барлығы да бір мақсатқа бағытталған – бақылау мен өз қалағанына жету. Иордания университетінің ғалымдары 2024 жылы «Эмоциялық манипуляция және оның ерлі-зайыптылар арасындағы нарцисстік белгілермен байланысы» тақырыбында зерттеу жүргізу мақсатында 924 ерлі-зайыптыны таңдап алады.

Осы зерттеудің қорытындысы бойынша өз қажеттіліктерін алу мақсатында 417 адам манипуляцияны қолданатынын айтса, отбасы арасында менмендік, төкаппарлық болған жағдайда манипуляцияға ерік беремін деген 532 дауыс болған. Мұның өзі манипуляцияның адам өмірінің құрамдас бөлшегіне айналып кеткенінің дәлелі. Бізге өз қажеттіліктеріміз қалай маңызды болса, оған қалай да жылдам қол жеткізу сондай маңызды (Jarwan et al, 2024, б,14)

Манипуляция табиғатын орыс зерттеушілері жан-жақты қарастырды. Солардың бірі С. Кара-Мурза өзінің «Манипуляция сознанием» атты кітабында оған мынадай анықтама береді: «Біріншіден, манипуляция – бұл рухани, психологиялық ықпал. Манипулятор әрекетінің көздегені – тұлғаның рухани жағы, оның психологиялық құрылымдары. Екіншіден, манипуляция – бұл жасырын ықпал. Манипуляция объектісі ол ықпалды тіпті байқамауы да керек. Үшіншіден, бұл аса шеберлік пен білімді қажет ететін ықпал. Яғни, манипуляция дегеніміз – бұл адамдарға, олардың жүріс-тұрысын, қимылын бағдарлау арқылы рухани тұрғыдан ықпал етудің басымдық көрсету амалы. Бұл ықпал адамның психикалық құрылымына бағытталған және ол жасырын түрде іске асырылады. Оның міндеті – адамдардың пікірін, ниетін, мақсатын биліктің қалауы бойынша өзгерту» (Кара-Мурза, 2006, б,14-15).

Манипуляция дегеніміз – адамның ақыл, санасына әсер етіп, белгілі бір іс-әрекетке итермелеу. Бірақ адамды күштеуден, талап етуден манипуляцияның басты артықшылығы мұнда адам барлығын өз еркімен жасап жатқандай сезімде болады. Манипуляцияны тереңірек түсіну үшін оның әр салада кездесуіне тоқталып көрелік:

1. Бизнестегі манипуляция. Бұл жағдайда, адам біреудің қызметтерін немесе өнімдерін жеңілдіктер немесе басқа да әдістерді қолдана отырып пайдаланған кезде қарастырылады. Мысалы: кейбір жағдайларда манипулятор өзінің жайлылығы үшін, өзге адамның мүддесін бұзуы. Кез келген бір компания директорын алсақ, өзінің жұмысшыларына әр айдың басында жоспар құрып, жиналыс өткізгенде: «егер осы айдың соңына дейін берілген жоспарды орындасаңыздар, жалақыларыңызды көтеремін», т.б. талаптарды қоюы арқылы манипуляция жасауы мүмкін.

2. Отбасындағы манипуляция. Бұл жерде қатынастар ерлі-зайыптылардың арасында, яғни ата-аналар мен балалар арасындағы, сондай-ақ басқа туыстары арасындағы қарым-қатынасқа қатысты. Мысалы: олар талап қояды. Егер сіз қарсылық білдірсеңіз немесе тікелей бас тартсаңыз, сіздің көнуіңіз үшін түрлі жолдар қолданады. Сіз олардың қалауын орындауға келіссеңіз онда, сізді мейірімділік пен сүйіспеншілікпен «марапаттауы» мүмкін. Ата-ана балаға осы оқу жылын үздік аяқтаса ұялы телефон алып беруіне уәде беруі арқылы манипуляция жасайды.

3. Білім және тәрбиедегі манипуляция. Ол өмірдің барлық сатыларында қолданылады: мектепте, университетте және т.б. жағдайларда болады. Мысалы: ата-аналар, мұғалімдер мектеп жасындағы балаға сабағын үздік оқымаса, болашағының нашар болатынын, жасөспірімге егер ол жоғары оқу орнына түспесе, кедейлік жағдайында өмір сүретінін айтуы мүмкін.

4. Әйелдердің өміріндегі манипуляция – кең таралған, бірақ көбіне жасырын жарияланбай қалатын манипуляцияның ең жиі кездесетін түрі. Ол қарым-қатынастардың барлық деңгейінде – отбасылық, іскерлік ортада, достар арасында және қоғамда кездеседі.

Әйелдерге жасалатын манипуляцияның себептері әртүрлі, бірақ олардың бастысы қоғамдағы гендерлік теңсіздік пен стереотиптер. Ерлердің билігін сақтауға деген ұмтылыс, әйелдердің әлсіздігі туралы стереотиптер манипуляцияның одан сайын тереңдеуіне әкеледі. Бұған қоса, кейбір адамдардың өзіндік бағалауы төмен болуы, билікке ұмтылуы және басқаларды бақылауға деген құмарлығы да мәжбүрлеудің себебі болуы мүмкін. Мәселен, жұмыстағы басшының ерлердің мықтылығын алға тартып, оларды жиналыста бірінші сөйлетуі, марапатты ерлерге беруі сияқты тәсілдердің барлығы әйел әлсіздігін пайдаланып жасалған бейсаналы манипуляциялар.

Манипуляцияның әр түрлі формалары әйелдердің өзін-өзі бағалауына, өз еркіндігіне және психологиялық денсаулығына айтарлықтай зиян келтіреді. Бұл мақала әйел өміріндегі манипуляцияның орнын, оның кездесуін және оның қаншалықты жариялылығы мәселелерін тереңірек талдауға бағытталған. Алайда, «зәбір көрген әйелдер» тақырыбының ашық жариялануына қатысты шектеулер толастар емес. Сонда ашық айтуға, әйелдер тағдырын зорлықтан құтқаруға не кедергі?

Біріншіден, ұлттық-мәдени контексте қалыптасқан гендерлік стереотиптер әйелдердің зорлық-зомбылық пен манипуляция жағдайларына төтеп беруіне елеулі кедергі келтіреді. Соның ішінде «қайтқан қыз» ұғымы әлеуметтік қысым тетігі ретінде қызмет атқарып, әйелдерді отбасылық қатынастардағы қолайсыз немесе қауіпті жағдайларды қабылдауға итермелейді. Мұндай мәдени нормалар әйелдердің ішкі күйзелісін ашық білдіруіне шектеу қойып, мәселені жария етуді тежейді.

Екіншіден, психологиялық манипуляцияның (газлайтинг, сталкинг және өзге де формалар) әсерінен әйелдердің өзіндік бағасы мен сенімділігі төмендейді. Тұрмысқа дейін дербес, белсенді және экономикалық тұрғыдан әлеуеті жоғары болған әйелдердің кейіннен өзіне сенімсіз күйге түсуі – ұзақ мерзімді психологиялық қысымның салдары. Бұл жағдайда қорқыныш пен үрей факторлары әйелдерді үнсіздік стратегиясын таңдауға мәжбүрлейді.

Үшіншіден, экономикалық тәуелділік те маңызды рөл атқарады. Әйелдің қаржылық тұрғыдан серіктесіне тәуелді болуы оның зорлық-зомбылықсыз өмір сүру мүмкіндігін шектейді. Әсіресе қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда бала-шағаны қамтамасыз ету жауапкершілігі әйелдердің тәуекелге баруына кедергі келтіріп, қиын жағдайларды жасырып қалуға итермелейді.

Төртіншіден, құқықтық механизмдердің жеткіліксіздігі мәселені ушықтырады. Мысалы, сталкингке қатысты нақты құқықтық нормалардың болмауы бопсалау, қорқыту және қудалау әрекеттеріне қарсы тұруды қиындатады. Мұндай жағдайларда дәлелдеме жинау, жеке қауіпсіздікті және абыройды сақтау айтарлықтай күрделі үдеріс болып табылады. 2025 жылға дейін сталкингке қатысты қаншама оқиғалар орын алса да заңда арнайы баптар, тармақтар енгізілмеген. 2025 жылы 15 шілдеде Қылмыстық кодекске 115-1 «Сталкинг» жаңа бабы енгізілді.

Жалпы алғанда, манипуляциялық және зорлық-зомбылық сипатындағы қатынастар жағдайында әйелдердің көмек сұрауы мен мәселені жария етуі көпқырлы әлеуметтік, психологиялық және құқықтық факторлармен шектеледі. Дегенмен, қоғамдық пікірден гөрі адамның өмірі мен қауіпсіздігі жоғары құндылық екендігін ескеру қажет.

Манипуляцияның түрлері. Газлайтинг – қоғамда әйелдер жиі ұшырасатын манипуляцияның түрі. Газлайтингтің көмегімен бір адам екіншісін басқарады, оны шатастыруға тырысады, ақпаратты бұрмалап жеткізеді. Нәтижесінде жәбірленуші не болып жатқандығын түсінбей, өзінің қоршаған ортаны қабылдауына күмәндана бастайды. Бұл абьюзерлердің адамды басқару үшін жиі қолданатын тәсілі. «Бұл басқа адамға үстемдік ету үшін билікті теріс пайдалану» дейді психотерапевт, философия ғылымдарының докторы және «Решение дилеммы современной семьи» кітабының авторы – Патриция Питта.

Газлайтинг құрбанның өзінің кім екендігін, өзіне деген сенімділігін төмендетеді. Адамның өзі істегісі келмейтін нәрсені істетіп, істемегені үшін өзін кінәлі сезіндіреді. «Газлайтинг» термині 1944 жылы басты рөлде Ингрид Бергманның қатысуымен түсілірген «Газ жарығы» (Gaslight) фильмінен пайда болған. Триллер сюжеті бойынша, кейіпкердің күйеуі үйде жасырылған бағалы тастарды табу үшін, оның ақыл есінен айырылып жатқандығына сендіреді. Іздеу барысы шатырдағы жарықты қосып тұруды талап етті, бұл үйдегі басқа шамдардың күңгірттенуіне себеп болды. Бұл туралы кейіпкер күйеуіне айтқан кезде, ол барлығын ойынан шығарғандығын және оның есінде ештеңе жоқтығына сендірді, тіптен адамдардан оқшаулады. Осының барлығының нәтижесінде кейіпкер өзін «есімнен айырылып жатырмын» деп ойлай бастады.

«Газлайтинг жайлы тарихи шолу: бақылау өзгерісі мен психология шеңберіндегі тұжырымдамалар» атты Макгилл Университетінің ғалымдары жүргізген зерттеуде 2013-2023 жылдар аралығында Google арқылы газлайтинг жайлы іздейтіндер саны 100 баллға артқан. Ал 2018 жылдан бастап қатты танымалдылыққа ие бола бастаған екен (3, 2-кесте).

Газлайтингтің 7 белгісі :

- Өткен шақта болған фактілерді жоққа шығару;
- Жиі өтірік айту, тіпті сізді өтіріктің үстінен ұстаған сәтте де;
- Жәбірленушінің есі дұрыстығына үнемі күмән келтіру;
- Жәбірленушіні үнемі әзіл ретінде қудалап, ренжіту;
- Жәбірленушіні отбасы мен достарына қарсы қою;
- Газлайтердің сөзі мен іс-әрекетінің сәйкес келмеуі;
- Жәбірленушіні өзіңізге тән қасиеттері үшін айыптау.

Газлайтинг БАҚ-та жарияланып жүрген тақырыптардың бірі.

Психолог коуч Роза Әшірбаева мен «Меломен» тобының әншісі Ғабит Бибасыұлының экс жары Нұрилла Ақбергенмен болған «Көзқарас» медиакейсінде өзінің газлайтингтің құрбаны болғандығын айтады. Кейіпкер «Миыңның айналып қалатыны соншалық сол кезде ұрыстың тіпті неден басталғанын білмейсің. Айналдырып әкелгенде өзіңді кінәлі сезініп отырасың» дегенін психолог маман бұл «газлайтинг» тәсілі екендігін ашып, түсіндіріп береді. Психолог «Бұл газлайтинг пен виктимблеймингтің кезек-кезек қолданылуы. Газлайт дегеніміз – сен жасамаған істі жасадың деп істеген ісіне күмәнді ету. Сен ештеңе жасамасаң да «сен жасадың ғой» деп кінәлайды. Бір күні сенің сөзіңді сөйлеп қалады, екінші күні кінәлі болып қаласың. Айналаңда не болып жатқанын түсінбейтіндей біртүрлі күйге түсесің. АҚШ-тың «Отчаянные домохозяйки» деген сериалында басты кейіпкердің біріне күйеуі бір күні «сен жұмыс жаса, сенің қолыңнан келеді» дейді. Бірақ сәл уақыттан соң ол сол істі бастап, енді жемісін көре бастағанда жұмыс жасамайтынын, үйде отыру керектігін айтып әйелге түрлі ой салып, психикасына зақым келтіреді» дейді (Әшірбаева, және Ақберген, 2025).

Мұндай күйде жүретін әйелдер өмірінде не болып жатқандығын түсінбеуі мүмкін. Бірақ манипуляция жайлы ақпараттардың жариялылығы ашық түрде жеткізіле бастағаннан кейін қоғам осындай ақпараттармен таныса бастауда. Бұл термин жайлы тұжырымдарды халыққа ұғынықты тілде жеткізетін осындай бағдарламалардың болуы қоғам үшін маңызды.

Сталкинг – бұл бір адамның екінші бір адамды үнемі еркінен тыс түрде бақылап, мазалауы. Сталкинг тек киноларда кездесетін аңдитын, қорқытатын оқиға емес, ол – біздің қоғамда кездесетін нақты мәселе. Сталкингтен зардап шегушілердің басым көпшілігі әйелдер болғанымен, кез келген адам оның құрбаны болуы мүмкін. Сталкинг – бұл адамды үнемі қадағалау, мазалау және қорқыту. Манипулятор өзінің мақсатына жету үшін құрбанды қорқытуы немесе оның тыныштығын бұзуы мүмкін.

Еуроодақтың бағалауы бойынша әлемде әр оныншы әйел сталкингтің құрбаны болады екен. Әрі бұл дерек 15 жастағы қыздардан бастап есептегенде көрсетілген (European Institute for Gender Equality, 2017).

Сталкингтің түрлері:

Қарапайым сталкинг:

- Телефонмен, хатпен немесе электрондық пошта арқылы үнемі хабарласу.
- Сыйлықтар немесе хаттар жіберу.
- Құрбанның үйінің немесе жұмыс орнының жанында күту.
- Құрбанды жиі кездестіруге тырысу.

Киберсталкинг:

- Әлеуметтік желілерде үнемі бақылау, хабарламалар жазу.
- Хакерлік шабуылдар жасау, құрбанның жеке ақпараттарын алу.
- Жалған аккаунттар жасап, құрбанды қорқыту.
- Құрбан туралы жағымсыз ақпарат тарату.

Физикалық сталкинг:

- Құрбанды аңду, бақылау.
- Құрбанның үйіне немесе жұмыс орнына басып кіру.
- Құрбанға физикалық зорлық-зомбылық көрсету.

Көлеңкедегі сталкинг:

- Құрбан туралы ақпарат жинау үшін оның айналасындағы адамдармен байланысу.
- Құрбанды бақылау үшін құрылғылар (GPS) пайдалану.

Сталкингтің себептері:

– *Психологиялық ауытқулар:* Өзіне деген сенімсіздік, бақылауға құштарлық, психикалық аурулар.

– *Бұрынғы қарым-қатынастар:* Бұрынғы серіктестердің қарым-қатынасты аяқтауға келіспеуі, қызғаныш, кек алу.

– *Әлеуметтік факторлар:* Қоғамдағы стереотиптер, әсіресе әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың болуы.

Сталкинг – манипуляцияның ең күрделі түрі. Онымен күресу, өз өмірімізге қауіп тудыруы мүмкін. Себебі дәл осындай мәселелер медиада жарияланбай көп істе әйел суицидымен аяқталады. Бірақ жақында осы мәселені қозғап өзінің сталкинг құрбаны болғандығы жайлы журналист Дана Нұржігіт Динара Сәтжанмен болған «100 сұхбат» атты медиакейсте ашық айтады. Дана Нұржігітке дәл осындай қорқыту, аңду, бопсалау сияқты сталкингтік белгілерді өзінің экс жары жасаған. Өзіне қатысты жеке деректерді

жариялаймын деп бопсалаған. Дәл осындай жағдайда көбі күресуді емес берілуді таңдайтынын іспен, заңмен жеңудің оңай емес екендігін айтады. Дана Нұржігітке осындай жағдайдан шығуға қаншама жылдық тәжірибесі мен таныстық базасы көмектескендігін мойындайды.

Сұхбат соңында журналист барша сталкингтің, киберсталкингтің, зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандарға былай деп үндеу жасайды: «Әйелдер, ерлер, кез келген зорлық-зомбылықпен күресудің жолы – жариялылық, ашықтық. Сені ұрмауы бұл аргумент емес. Сенің біреудің жанында өзіңді жайсыз сезінуің, қиналуың мұның өзі зорлық-зомбылық. Сонымен қатар айтқым келетіні заңға міндетті түрде сталкинг, киберсталкинг бойынша баптар қосу қажет» дейді (Сәтжан және Нұржігіт, 2025). Жариялылық және ашықтықтың қажет екендігі әсіресе біздің қоғам үшін маңызды мәселе.

Сталкингтік қорқыту, жеке басына қатысты бейнелерді жариялаймын деп бопсалау бойынша барша халық назарын өзіне аударған 2024 жылғы Қуандық Бишімбаевтың ісінде де деректер анықталған болатын. Бұған қатысты айыптау актісін прокурор Айжан Аймағанова оқыды.

"2022 жылы 16 желтоқсанда Бишімбаев Нүкеновамен некеге тұрды, бірақ олар ресми түрде қарым-қатынасын тіркемей, азаматтық некеде тұрды. Бірге өмір сүрген күннен бастап Бишімбаевпен қарым-қатынасында ашуланшақтық, агрессивтілік және эгоцентризм байқала бастаған. Бишімбаев Нүкенованың туыстарымен және достарымен сөйлесуіне және кездесуіне тыйым салған, оның барлық телефон қоңырауларын, SMS хат алмасуын, сонымен бірге оның қозғалысын бақылаған. Сондай-ақ, ол сол кезде Нүкеноваға жақсы ақшалай кіріс әкелетін пайдалы қызметпен айналысуға тыйым салған, осылайша оны тәуелсіздіктен және онымен қарым-қатынаста өз ойы болуы құқығынан айырды. Ол оны өзіне толықтай қаржылық тәуелді адамға айналдырды", – деді прокурор.

"2023 жылдың сәуір айында Бишімбаев Нүкенованың туыстарында оның бет-әлпетін ұрып-соққан суреті бар екенін біліп, егер олар ажырасатын болса, оны осы фотосуреттермен бопсалауы мүмкін деп болжап, Нүкеновадан оның жалаңаш күйде интимдік видео түсіруді талап еткен. Бұл оның кепілі болатынын түсіндірген. Өз кезегінде Нүкенова Бишімбаевтың әрекетінен қорқып, үнемі күйзеліске ұшырап, бұл талапты өз еркінен тыс орындап, өзін киімсіз түсіруге рұқсат беруге мәжбүр болды", (Informburo.kz, 2024) - деп атап өтті мемлекеттік айыптаушы.

Бұл іс сталкингтің, манипуляцияның адам өмірі үшін қаншалықты қауіпті екендігінің дәлелі. Әйелді өзіне тәуелді етуі, манипуляциялық қысымды барлық жағынан жасауы адам өлімімен аяқталды. Салтанатты оның жанында қалуға мәжбүрлеген нақты ақшалай тәуелділік пе әлде елдің сөзі, бейнежазбалар ма бізге беймәлім. Бірақ қандай зорлық болмасын ол адам өмірінен биік еместігі айқын.

Қаржылық бақылау арқылы манипуляция жасау – қазақ отбасында ерлер бейсаналы түрде жасайтын манипуляция түрі.

Қаржылық бақылау: Манипулятор әйелдің қаржысына толықтай бақылау орнатып, оны өз қалауынша жұмсайды. Мысалы, әйелдің жалақысын енесінің жинап алуы немесе қожайынның қолына салып беруі сынды жағдайлар жиі кездеседі.

Ақшаны жасыру: Манипулятор әйелден ақшаны жасырып, оның қаржылық жағдайын бақылауға алады.

Экономикалық тәуелділік тудыру: Манипулятор әйелдің қаржылық тәуелділігін арттырып, оның кетуін қиындатады. Мәселен, «сенде ақша жоқ қой, қайда барып, қалай өмір сүресің?», «кете алмайсың сен бір тиынсызсың» деген сынды тіркестерді қолданады.

Жұмыс істеуге тыйым салу: Манипулятор әйелдің жұмыс істеуіне тыйым салып, оның қаржылық тәуелділігін күшейтеді. Мысалы, жұмыс жасамай, қоғамға шықпай, тек төрт қабырғада отырған әйел өзін мына қоғамнан шеттетіп бар назарын отбасына бұрады. Даму да, өсу де мұндай жандар үшін өте қиын.

Қарыз алуға мәжбүрлеу: Манипулятор әйелді қарыз алуға мәжбүрлеп, оның қаржылық жағдайын нашарлатады. Мысалы, несие алдырту, қарыз арқылы санасын улау, күресуге дәрменсіз қалдыру да осы мәжбүрлеу түріне жатады.

Мақтау арқылы манипулятордың қалағанына қол жеткізуі. Жалған мақтау – манипулятор құрбанды мақтап, оны жоғары бағалайтынын айтып, бірақ шын мәнінде оған шынайы көңіл бөлмеуі. Мақсаты – құрбанның сеніміне кіру және оны басқаруға мүмкіндік алу. Мысалы: “Сен өте ақылдысың”, “Сен барлығынан жақсысың”, “Сен мен үшін ерекшесің” деген сияқты тіркестер.

Асыра мақтау. манипулятор құрбанды шындыққа сәйкес келмейтін, асыра мақтап, оның өзіне деген сенімін арттырады, бірақ бұл сенім жалған болып табылады. Мақсаты – құрбанның өздігінен шешім қабылдау қабілетін төмендету және оны бақылауға алу. Мысалы: “Сен бәріне қабілеттісің”, “Сен ешқашан қателеспейсің”.

Мақтауды талап ету: Манипулятор құрбаннан өзіне мақтау айтуын талап етеді. Егер құрбан мақтамаса, манипулятор ренжіп, ашулануы мүмкін. Мақсаты – өзінің зардап шегушіге деген маңыздылығын көрсету және оның тәуелділігін арттыру. Мысалы: “Мені мақташы”, “Мен қандай жақсымын?”.

Мақтауды қорқыту, бопсалау ретінде пайдалану: Манипулятор зардап шегушіні мақтап, оған жақсылық жасайтынын айтып, бірақ содан кейін өзінің қалауын орындатуға тырысады. Егер оған келіспесе, манипулятор өзінің “жақсылығын” еске салып, оны кінәлі сезінуге мәжбүрлейді. Мысалы: “Мен саған қанша жақсылық жасадым, сен енді осыны істеуге тиіссің”, “Мен сені мақтаған жоқ па едім?”.

Мақтауды іс-әрекетпен бекітпеу: Манипулятор құрбанды мақтағанымен, іс жүзінде оған қолдау көрсетпейді немесе оның қажеттіліктерін елемейді. Мақсаты – құрбанды сөзбен ғана қуантып, оны бақылауда ұстау. Мысалы: “Сен өте таланттысың, бірақ...”, “Сен жақсысың, бірақ...”

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде БАҚ беттеріндегі әйелдерді манипуляциялаудың жариялылығы мәселелерінің ашық жазылған, айтылған деректері алынды. 2024 жылғы статистикалық деректер бойынша отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты 100 мыңдай шағым түскен. Ал қазір дәл осы зорлық-зомбылыққа қатысты деректер, жаңалықтар қаншалықты жариялануда бірге талдап көрейік. Жариялылық мәселесін нақты сандық деректер арқылы талдау үшін соңғы үш айдағы 2025 жылдың сәуірі мен маусымы аралығындағы «Қазақстан» ұлттық арнасында жарияланған жаңалықтар, «Tengrinews» және «24 kz» атты Қазақстан мен шетел жаңалықтарын тарататын танымал сайттар алынды.

Еліміздегі сайт, телеарна, кез келген ақпараттық портал болсын күн сайын негізгі жаңалықтарды таратып өзінің миссиясын орындауда. Бірақ қоғамда үлкен проблемаға айналған зорлық-зомбылық, әйелдердің құқығын қорғау мәселелері өте аз қозғалатынына көзіміз жетті. Мәселен, «24 kz» ақпараттық порталы 3 айда 7462 жаңалық таратқан, орташа есеппен алғанда 1 айда 2487 жаңалық тарататын сайтта еліміздегі және шетелдегі жаңалықтар таратылады. Бірақ дәл осы әйелдер құқығы төңірегінде 3 айда 41 ғана жаңалық шыққан екен. Бұл дегеніміз жалпы жаңалықтар арасында тек 0,55% ғана әйелдерді манипуляциялаудың жариялылық мәселелері жазылған. Мұнда жарияланған ақпараттардың ішінде оңалту орталықтарына жүгінген әйелдер санының артқаны, басқа елдерде тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткендер қалай жазаланатындығы жайлы деректер келтірілген.

Ал «Tengrinews» сайты Қазақстандықтар жиі пайдаланады. Сәуір мен маусым айлары аралығында бұл ақпараттық порталда 3367 жаңалық жарияланған. Орта есеппен айына 1122 жаңалық шығарылады. 3 айда тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген әйелдер, әйел құқығы, сталкинг сияқты тақырыптарда 43 жаңалық жарияланған. Бұл жалпы жарияланған жаңалықтардың 1,2% ғана. Дегенмен әйелдер қауымы үшін пайдалы ақпараттар да жоқ емес. Мәселен, «Сіздің көзіңізше қыз баланы ұрса не істеу керек», «Егер сіз зорлық-зомбылықтың құрбаны болсаңыз...» сынды тақырыптар көтерілген. Қазақстанның барлық облыстары бойынша оңалту, әйелдерге қамқор болатын орталықтар нөмірі мен мекенжайын жариялаған.

«Қазақстан» ұлттық арнасында 3 айда 2024 жаңалық таратылған екен. Оның ішінде әйел құқығына қатысты жарияланған жаңалықтар саны – 10. Бұл дегеніміз жалпы жаңалықтардың 0,49% ғана құрайды.

Қазір әлеуметтік желіде де өзінің құрбан болғанын ашық айтып көмек сұрайтындар да, өз оқиғасымен бөлісетіндер де аз. Демек, дәл осы статистикалық ақпараттарға сүйеніп әйелдердің құқығы бұзылып, әйелдер жапа шеккен сәттердің жария болмай қоғам назарынан тыс қалып жатқандығын байқаймыз. Бұл мәселе тек әйелдерге көмек көрсететін орталықтармен ғана шешілуде. Егер жариялылық мәселесі қолға алынып, әйелдер өз құқығын ашық қорғай білгенде ғана бұл мәселенің шешімі табылатыны мәлім. Әрине, бұл ретте жариялылыққа толық жол ашылмай жатқанына ұлттық менталитет мәселелері де әсер етіп отыр. Өйткені, көбінесе «елден, жұрттан, ағайындардан ұят болады», «қол сынса, жең ішінде» деген сияқты қасиеттер әйелдердің манипуляцияға көнуіне, жария етпеуіне тәуелді болуына жол ашады.

Әдіснама

Зерттеуде әйелдердің манипуляцияға ұшырауын, олардың манипуляциядан кейінгі әрекетін өлшеу және бағалау үшін сандық зерттеу әдісі қолданылған. Бұл әдіс әйелдерге жасалатын манипуляциялардың түрлері жайлы деректер алуға тиімді саналады. Алдағы уақытта әйел құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тақырыптарында өзгерістерді анықтауға пайдалы болады деп таңдалды.


Бұл зерттеудің методикалық негізіне манипуляцияға ең жиі ұшырайтын 15-45 жас аралығындағы әйелдер алынды. Сауалнамаға 47 әртүрлі жастағы нәзік жандылар қатысты. Әлеуметтік зерттеу 2024-2025 жылдың желтоқсан-қаңтар айларында GoogleForms платформасында жүргізілді. Сауалнама нәтижелері SPSS статистикалық талдау бағдарламасында талданды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Әйелге жасалатын манипуляция жас, түр, мінез-құлық ерекшеліктерін таңдамайды. Тіпті өзіне сенімді адамның өзіне психологиялық қысым жасап, сенімсіз күйге де түсіруі мүмкін. Сондықтан сауалнамада әр жастағы адамдардың артық не кем қатысуына шектеу қойылмады.

Зерттеу жұмысына 1-кестеге сәйкес 15-25 жас аралығындағы 63,8% адам қатысса, 25-35 жас аралығында қатысқандардың пайыздың үлесі 17%, 35-45 жас аралығында 19,1% әйел қатысты. Зерттеу жұмысына қатысқан әйелдер әртүрлі сферада жұмыс істейді – бірі студент, бірі мектеп қызметкері, ал бірі әлеуметтік қызметкерлер.


Жасыңыз
47 ответов



1-кесте. Зерттеу жұмысына қатысқан әйелдердің жас ерекшелігі

Осы сәтке дейін өміріңізде ер адамның тарапынан манипуляция орын алды ма?

47 ответов



2-кесте. Әйелдердің өміріндегі манипуляцияның орын алуы

Ал әрі қарайғы сіздің әрекетіңіз қандай болды?


47 ответов



3-кесте. Манипуляцияға қарсы әйелдердің әрекеті

Күйеуіңіздің тарапынан болатын зорлық-зомбылыққа, манипуляцияға шыдау керек пе?
(жеке пікіріңіз)


47 ответов



4-кесте. Отбасылық манипуляцияға қарсы әрекет

Таныстарыңыздың арасында орын алған немесе жиі естіген әйелге көрсетілетін қорлық түрі:

47 ответов



5-кесте. Ең жиі кездесетін манипуляция түрі

2-кестеге сәйкес «Ал осы сәтке дейін өміріңізде ер адамның тарапынан манипуляция орын алды ма?» деген сауалға 87,2% ондай жағдайлар орын алмады десе, 6,4% жиі мақтап, алдап қалағанын жасататын деген нұсқаны таңдады, 4,3% ізімнен қалмай аңдыды, 4,3% бейнежазба, суреттерді көрсетемін деп қорқытты, 2,1% айтуға қорқамын деген жауап нұсқасын таңдаса, «қол жұмсаған жағдайлар болды» деген нұсқаны ешкім таңдамаған. Бір ескерте кететін жайт манипуляцияға ұшыраушы өзіне манипуляция жасалып жатқанын сол сәтте сезінбейді. Сондықтан манипуляцияға қатысты зерттеу жұмысын жасау қырағылықты қажет етеді.

Бір қызығы манипуляцияға, зорлық-зомбылыққа төзу қажет пе деген сауалға 100% жоқ деп жауап берсе, манипуляцияға ұшыраса да әрі қарай ешқандай қадамға бармай 89,4% адам үнсіз қалуды таңдаған. Бұдан түйетініміз манипуляция түрлерімен күресуге көп адамдардың қорқатынын аңғарамыз.

Ал 5-суретке сай сауалнамаға қатысушылар арасында жақындарынан естіген ең жиі кездесетін манипуляция түріне 22,7% ұрып-соғу, материалдық тұрғыдан еркекке тәуелді

болу, алдау тең дәрежеде алғашқы орында болса, сталкинг, яғни, қорқыту бопсалау 21,3%, ізінен қалмай аңдумен 10,6% адам ұшырасқан.

Әйел–манипуляцияның құрбаны болмауы тиіс. Әйелдерді манипуляциялаудың жариялылығы мәселелері бүгінгі қоғамның зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыбы. Мұның дәлелі 2024 жылғы Ішкі істер министрлігінің қорытындысы бойынша бір жылда полицияға тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы 100 мыңға жуық хабарлама келіп түскен. Бұған жауап ретінде 72 мың қорғау нұсқамасы, сондай-ақ 16 мың жағдай бойынша сот шешімі қабылданған.

Ал бұл дерек осы тақырыптың жыл соңында статистикалық ақпарат шығаратын ғана емес үнемі ашық жариялылықты талап ететіндігін көрсетеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жапа шегетін әйелдердің дені тек физикалық қана емес, психологиялық қорлыққа ұшырайды. Әйелдерді манипуляциялау тақырыбы – қоғамның дамуы мен әлеуметтік әділеттіліктің маңызды аспектілерінің бірі. Олардың өміріндегі зорлық-зомбылықтың орнын азайту үшін қоғамдағы гендерлік теңсіздікті жою, стереотиптермен күресу және әйелдердің өзін-өзі қорғау қабілетін дамыту маңызды. Бұл үшін білім беру, психологиялық қолдау және заңнамалық базаны жетілдіру қажет. Әйелдер өздерінің құқықтарын білуі, өзіне деген сенімі мол болуы және өз шекараларын қорғауы тиіс. Тек осылай ғана әйелдер өміріндегі көрінбейтін бақылау желілерін бұзуға болады.

Манипуляцияның ең қауіпті жақтарының бірі – құрбанның өзіне қауіп төніп тұрғанын сезбеуі. Әйелдер көбіне манипуляцияның құрбаны болып, бұл жағдайды түсінбей қалады. Әлеуметтік тұрғыдан қысым мен стереотиптер әйелдердің өз пікірлерін білдіріп, өз құқықтарын қорғау мүмкіндігін шектейді. Әдетте, манипуляциялау эмоционалды қысым немесе психологиялық әдістер арқылы жүзеге асырылады, мұның салдарынан нәзік жандылар өздерін кінәлі сезініп, өз шешімдерін қабылдауға немесе өз қажеттіліктерін ашық білдіруге қиналады. Бұндай психологиялық әсерлер әйелдердің өміріне терең із қалдырып, олардың өмір сапасына да әсер етеді. Бұл мәселенің қоғамдық деңгейде көтерілуі, оған бұқаралық ақпарат құралдарының назар аударуы өте маңызды. Әйелдерге қарсы манипуляциямен күресу үшін заңнамалық шаралар, қоғамдық білім беру бағдарламалары және әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру қажет. Әрбір адам, әйел болсын, ер адам болсын, манипуляцияның құрбаны болуға тиіс емес. Бұл тұрғыда ең алдымен, әйелдердің құқықтарын қорғау мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қоғамның басты міндеті болуы тиіс. Әйелдерге қатысты манипуляциялау кез келген жағдайда адам құқықтарының бұзылуына әкеліп соғатыны ұмытылмау керек.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижесі бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- Білім алу: Манипуляцияның түрлері мен белгілерін білу, оларды анықтауды үйрену.
- Өзіне деген сенімділік: Өзінің құндылығын түсіну, өз пікірін білдіруге батылдық таныту.
- Шек қою: Өзінің жеке шекараларын анықтап, оларды қорғау.
- Көмек сұрау: Манипуляцияның құрбаны болған жағдайда, психологтардан, отбасы мүшелерінен, дос-жарандарынан немесе арнайы қолдау орталықтарынан көмек сұрау.
- Тәуелсіздікті дамыту: Қаржылық, эмоционалдық және әлеуметтік тәуелсіздікті арттыру.

Авторлардың үлесі:

Қабылғазина К.Қ. – зерттеу жұмысында жан-жақты ақпараттарды жинақтап, деректерді талдау, шолу және түсіндіру, бақылау және редакциялау, ұсыныстар беру және мақаланың академиялық сапасын қамтамасыз ету.

Дускеева Г.У. – мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу

Еркімбек А.О. – шетелдік зерттеулерге шолу жасай отырып ғылыми жұмыстың заманауи сабақтастығын ашу мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізу, сауалнама қорытындысына тұжырым жасау, мақала мәтінін жазу.

Әдебиеттер тізімі

1. Jarwan, A., AlFrehat, B., Faisal, A., Hawari., Ali, M. (2024) Emotional manipulation and its relationship with narcissistic traits in married couples [Онлайн] Қолжетімді: <https://esiculture.com/index.php/esiculture/article/download/684/127/1140> (қаралған күні: 10 тамыз 2025).
2. Кара-Мурза, С.Г. (2006) Манипуляция сознанием. Мәскеу: Эксмо.
3. Illuminating gaslighting: a comprehensive interdisciplinary review of gaslighting literature (2024) [Онлайн] Қолжетімді: https://www.researchgate.net/publication/387965296_Illuminating_Gaslighting_A_Comprehensive_Interdisciplinary_Review_of_Gaslighting_Literature (қаралған күні: 15 тамыз 2025).
4. European Institute for Gender Equality (2017) Cyber violence: a growing threat to women and girls, 19 маусым. [Онлайн] Қолжетімді: https://eige.europa.eu/newsroom/news/cyber-violence-growing-threat-especially-women-and-girls?language_content_entity=en (қаралған күні: 8 тамыз 2025).
5. Әшірбаева, Р. және Ақберген, Н. (2025) «Көзқарас» подкасты: газлайтинг тақырыбындағы сұхбат [Онлайн] (қаралған күні: 10 тамыз 2025).
6. Сәтжан, Д. және Нұржігіт, Д. (2025) «100 сұхбат» бағдарламасы: сталкинг мәселесіне арналған сұхбат [Онлайн] (қаралған күні: 7 тамыз 2025).
7. Informburo.kz (2024) Бишімбаев ісі бойынша прокурор айыптауы, 16 наурыз. [Онлайн] Қолжетімді: <https://informburo.kz/kaz/newskaz/uryp-sogyp-intimdik-videoga-tusuge-mazburlegen-prokuror-bisimbaevtyn-aieline-qalai-zorlyq-korsetkenin-aitty> (қаралған күні: 15 тамыз 2025).

К.К. Кабылғазина^{*1}, Г.У. Дускеева², А.О. Еркімбек³

^{*1,3}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Проблемы публичности манипуляций в отношении женщин

Аннотация. Манипуляция в отношении женщин представляет собой сложное социально-психологическое явление, возникающее в результате гендерного неравенства и устойчивых стереотипов. В данной статье проанализированы виды манипуляции, направленной на женщин, а также проблемы их публичного освещения. На основе специально проведённого исследования выявлены наиболее распространённые формы давления в жизни женщин, их последующие действия, отношение к данным ситуациям, а также сведения о женщинах из их окружения, ставших жертвами подобных явлений. Показано, как данная проблема освещается в современных средствах массовой информации, с приведением конкретных примеров. Цель исследования – способствовать открытому освещению проблемы манипуляции в отношении женщин в медиа, стимулировать свободное обсуждение данной темы, а также на основе достоверных данных разъяснить способы предотвращения виктимизации. В работе проводится научный анализ проблемы манипуляции в отношении женщин и обосновываются пути её преодоления. По

результатам исследования установлено, что женщины, подвергшиеся принуждению, зачастую боятся открыто говорить о случившемся и остаются бездействующими. Выявлено, что широко распространены как формы манипуляции, основанные на принуждении и приводящие к насилию, так и манипуляции, осуществляемые посредством ложной похвалы. Данные аспекты также подробно рассмотрены в статье. Обеспечение прав и безопасности женщин является важным направлением социального развития общества.

Ключевые слова: манипуляция, права женщин, гендерное неравенство, СМИ, проблемы публичности

К.К. Kabylgazina*¹, G.U. Duskeeva², A.O. Erkimbek³

**^{1,3}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Issues of Public Disclosure of Manipulation Against Women

Abstract: Manipulation against women is a complex socio-psychological phenomenon that arises from gender inequality and entrenched stereotypes. This article analyzes the types of manipulation directed at women and the issues related to its public disclosure. Based on a specially conducted study, the most common forms of pressure experienced by women, their subsequent responses, attitudes toward such situations, and information about women in their social environment who have been victims of similar phenomena were identified. The study also demonstrates how this issue is covered in modern mass media, supported by specific examples. The aim of the research is to promote open discussion of manipulation against women in the media, to encourage unrestrained discourse on the issue, and to provide comprehensive, evidence-based explanations of methods to prevent victimization. The article offers a scientific analysis of manipulation against women and substantiates ways to overcome it. The findings indicate that women who have experienced coercion are often afraid to speak openly about their experiences and tend to remain inactive. Both coercive forms of manipulation that may lead to violence and manipulative practices based on false praise are found to be widespread. These aspects are also thoroughly examined in the article. Ensuring women's rights and safety is an essential component of societal development.

Keywords: manipulation, women's rights, gender inequality, mass media, issues of public disclosure

References

1. Emotional manipulation and its relationship with narcissistic traits in married couples (2024) [Online] Available at: <https://esiculture.com/index.php/esiculture/article/download/684/127/1140> (Accessed: 10 August 2025).
2. Kara-Murza, S. G. (2006) Manipulyatsiya soznaniem [Manipulation of consciousness]. Moscow: Eksmo. [In Russian]
3. Illuminating gaslighting: a comprehensive interdisciplinary review of gaslighting literature (2024) [Online] Available at: https://www.researchgate.net/publication/387965296_Illuminating_Gaslighting_A_Comprehensive_Interdisciplinary_Review_of_Gaslighting_Literature (Accessed: 15 August 2025).
4. European Institute for Gender Equality (2017) Cyber violence: a growing threat to women and girls, 19 June. [Online] Available at: https://eige.europa.eu/newsroom/news/cyber-violence-growing-threat-especially-women-and-girls?language_content_entity=en (Accessed: 8 August 2025).

5. Ashirbayeva, R. and Akbergen, N. (2025) «Közqaras» podkasty: gazlajting taqyrybyndagy sūhbat [«Közqaras» podcast: interview on gaslighting]. [Online] (Accessed: 10 August 2025). [In Kazakh]

6. Satzhan, D. and Nurzhigit, D. (2025) «100 sūhbat» bagdarlamasy: stalking maselecine arналған sūhbat [«100 interviews» programme: interview on stalking issues]. [Online] (Accessed: 7 August 2025). [In Kazakh]

7. Informburo.kz (2024) Bishimbaev isi bojynsha prokuror aiyptaу [Prosecutor's indictment in the Bishimbayev case], 16 March. [Online] Available at: <https://informburo.kz/kaz/newskaz/uryp-sogyp-intimdik-videoga-tusuge-mazburlegen-prokuror-bisimbaevtyn-aieline-qalai-zorlyq-korsetkenin-aitty> (Accessed: 15 August 2025). [In Kazakh]

Авторлар туралы ақпарат:

Қабылғазина К.Қ. – хат-хабар авторы, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

Дускеева Г.У. – журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі, әлеуметтік ғылымдар магистрі аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, 13, 010008, Астана, Қазақстан.

Еркімбек А.О. – 2 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кабылгазина К.К. – автор для корреспонденции, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан.

Дускеева Г.У. – магистр социальных наук, старший преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, ул. Кажымукана, 13, 010008, Астана, Казахстан.

Еркимбек А.О. – магистрант 2 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Kabylgazina K.K. – corresponding author, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Kazakhstan.

Duskeeva G.U. – Master of Social Sciences, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010008, Kazakhstan.

Erkimbek A.O. – Second-year Master's Student, Al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Kazakhstan.